

ҰЛЫ ОЙШЫЛДАРДЫҢ ОЙЛАРЫ (ӘЛ-ФАРАБИ МЕН АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ ХАҚЫНДА)

Саргелтаева А.Қ.

Темірболат А.Б. жетекшілігімен

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

e-mail: ardaksar2016@gmail.com

Әбу Насыр Мұхаммад ибн Тархан ибн Узлағ әл-Фараби – түркі ойшылдарының ғұламасы. Мұсылман ойшылы, ұлы ғалым. Мұсылмандар үшін бірінші ұстаз – пайғамбар. Сол кездегі қоғамдық жағдайда әрбір саналы мұсылман ислам діні ғылымымен шұғылдануды парыз санаған. Өйткені Фараби дүниеге келмей тұрып-ақ ол елдің халқы ислам дінін қабылдап, ислам дінінің заңымен өмір сүрген. Түркілердің мәдени ошағына айналған Фараби қаласында дүниеге келген Әбу Насыр әл-Фараби араб тілді ғалым болып есептелген. Ұлы ғалымды мәшһүр еткен алғашқы еңбектерінің бірі – «Ғылымды жіктеу және мақсатты айқындау» (Ихса ал-улум-уа-т-тағриф би аградаһа) деген еңбегі. әл-Фарабидің өздігінен көп оқып, атағы алысқа кеткен сайын бақталастары да көбейе бастайды. Бұл турасында ұлы ғұлама: «Менің достарым - қас тұлпар, қою түн, кең дала, алмас қылыш, өткір найза, қалам, қағаз, - деп, қалам-қағазын серік етіп, өз-өзімен оңаша сырласып, білімнің тұңғиығына сүңгігенінен сыр шерте отырып, сарайдың күншіл ақынсымақтарының мән-мағынасыз айтылған жаттанды өлеңдерін сынайды.

әл-Фараби мен Абай әртүрлі ғасырларда өмір сүрсе де жеке басқа тән қасиеттерінің ұқсастығын, жағымпаздар мен жалтақтарға өткір тілмен, ұшқыр қаламды қару ретінде ұстанғанын айғақтайтын дәлелдер көп. Абай да өз дәуірінде өз-өзін жетілдіріп, білім нәрімен сусындап, дүниеге деген көзқарасы кеңейген сайын араласар ортасы тарылып, жанындағы жақын туыстарына дейін жат бола бастағанын білеміз. Әртүрлі дәуірде, әртүрлі кезеңде, әртүрлі қоғамда дүниеге келсе де уақыт алшақтығына қарамастан, екі ойшылдың философиялық тұжырымдары, өмір, дүние-болмыс туралы ойлары, дүниетанымдық көзқарастары бір-бірімен астасып жатады. Фараби «Даналық негіздері» еңбегінде адам болмысы мен табиғатын зерттеп-зерделейді. Адам жаратылысының құпияларын ашады. Абай да әл-Фараби сияқты дүниенің, табиғаттың жаратылысы, адамның пайда болуы, өмір мен өлім туралы және оның мағынасы туралы, уақыт пен мәңгілік туралы философиялық ой толғайды. Осы тектес дүниелер Абайдың бірнеше қара сөздерінде көптеп кездеседі. Адамның жаратылысы, қасиеті, санасы, ой-өрісі, парасаттылығына қатысты пайда болатын жақсы, жаман туа біткен, жүре біткен мінездер турасында, пайым мен парасат және білімділік турасында тұжырым жасайды. Абайдың:

«Арттағыға сөзің мен ісің қалса,

Өлсең де, өлмегенмен боласын тең» деген өлең жолдарынан адамның ақыл-ойы, саналы әрекеті, жақсы қасиеті ұмытылмайтынын, кейінгі ұрпақтың санасында сақталатынын айтады. Осындай сөзді әл-Фараби де наданның емес, адал ниетті, білімді адамның жаны өлмейді дейді.

Абай туындыларының өн бойына таралып отыратын адамгершілік, парасаттылық, имандылық ойларының бәрі осы көзқараспен ұштасып жатады. Фараби дәстүрінің жалғасы Абайдың «толық адам» жөніндегі ой-пікірінен де айқын сезіледі. Абайда жиі сөз болатын «толық адам», «жарым адам», «адам бол», «кәміл мұсылман», «адамның адамдығы» т. б. атаулық мәні бар ұғымдар мен ол турасында айтылған эп-сана пікірлердің қайнар көзі Фараби еңбектеріндегі ой-тұжырымдарынан туындаған дүниелер екені айдан анық.